

## 2010 жылға арналған Ұзынкөл ауданында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 19 ақпандағы № 103 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 25 наурызда № 9-19-124 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5) тармақшасына, 20 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоғамдық жұмыстар жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұйымдастырылсын.
2. 2010 жылға арналған Ұзынкөл ауданындағы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үшін уақытша жұмыс орындарын ұсынатын ұйымдардың, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемінің және қоғамдық жұмыстардың еңбекақы мөлшерінің Тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына:
  - 1) жұмыс берушілермен қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған қызметтерді көрсету жөніндегі шарт жасасын;
  - 2) жұмыссыздарды, сондай-ақ жұмыскерлерді толық емес жұмыс уақыты тәртібінде істейтіндерді төленетін қоғамдық жұмыстарына жіберуді жүзеге асырсын;
  - 3) жергілікті бюджет қаражаттарынан қоғамдық жұмысқа қатысушылардың еңбек ақысының орнын толтыру үшін, оның ішінде 2010 жылға белгіленген міндетті зейнетақы жарналарын, табыс салығын төлеу үшін жұмыс берушілердің есеп шоттарына қаржылық қаражаттарды аударсын;
  - 4) жұмыс берушілердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мөлшерінде әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударуларды төлеуге арналған шығындарын, талап етуге дейінгі немесе банкінің ақшалай төлем карточка есеп шоттарына еңбекақыны аудару мен төлеу және шотқа басқа ақшалай төлемдер бойынша екінші деңгейдегі банктердің қызметі үшін комиссияндық сыйақыны төлеуге арналған шығындарын жергілікті бюджеттен шарт бойынша белгіленген мөлшерде өтесін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары М.В. С л е с а р ь ғ а ж ү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұ з ы н к ө л а у д а н ы  
ә к і м і н і ң м і н д е т і н

атқарушы Н. Болатов

КЕЛІСІЛДІ:

"Ұзынкөл орталық аудандық аурухана"  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорны, бас дәрігер

Қ. Ержанов

Ұ з ы н к ө л а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 1 9 а қ п а н д а

№ 103 қаулысына қосымша

**Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үшін уақытша  
жұмыс орындарын ұсынатын ұйымдардың және  
қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемінің және  
қоғамдық жұмыстардың еңбекақы мөлшерінің тізбесі**

*Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2010.04.14 № 142 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қ а у л ы с ы м е н .*

№	Ұйым атауы	Жұмыс түрлері	Жұмыс көлемі	енбек ақы төлеу
1.	"Ұзынкөл орталық аудандық аурухана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Жұмыскерлердің алдын ала кәсіби дайындығын талап етпейтін күнделікті жұмыстарға көмек; аумақты жинау бойынша және абаттандыруға көмек; жөндеу жұмыстарын өткізудегі көмек; құжаттамаларды өңдеу және сақтау бойынша көмек; Бауман, Ершов, Киев, Киров, Куйбышев, Новопокров, Петропавл, Чапаев,	134112 сағаттар	1,5 ең а з еңбек

	<p>Федоров, Пресногорьков, Россия, Карлмаркс, с е л о л ы қ округтерінің, Троебрат, Ряжский, аумағындағы және орталық а у р у х а н а " мемлекеттік коммуналдық қазыналық объектілерін жөндеуге абаттандыруға қатысу</p>	<p>Суворов, Ұзынкөл  Ұзынкөл, селоларының тұрған "Ұзынкөл аудандық  кәсіпорны  және</p>	<p>ақының мөлшері</p>
--	--	---	---------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ